Биыл қазақ халқының көрнекті ақыны Жұбан Молдағалиевтің туғанына - 100 жыл. Осы атаулы мерейтойға орай 22 қазан күні М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің Музыкалық білім мамандығының Моб-11, Моб/у-13 топ студенттеріне топ кураторы К.Е.Бисекованың ұйымдастыруымен «Мен қазақпын» тақырыбында дәріс-концерт ұйымдастырылды. Шараның мақсаты - жерлес ақын Ж.Молдағалиевтің өмірі мен шығармашылығымен таныстыру. Ақынның қалам өнеріндегі асқан дарынын, шеберлігін таныту, ақынның шығармашылығына сүйіспеншіліктерін арттыру.



Шара барысында топ кураторы ақынның өмірі мен шығармашылығы және отбасы жөнінде терең мағлұмат беріп, Ж.Молдағалиевтің өлеңдері мен поэмаларының, шығармалар жинағының шығу тарихына терең тоқталып өтті. Топ студенттері Қ.Жұбанова, И.Мулековалар Орал қаласындағы Ж.Молдағалиев атындағы облыстық ғылыми әмбебап кітапханаға барып, кітапхана қызметкерлерінен сұхбат алып бейнесюжет дайындаса, Теректі ауданы Ақжайық ауылдық кітапханасына топ студенті Б.Ажгереева барып, ақынның мерейтойына орай ұйымдастырылған шараларға қатысып, еңбектеріне кішігірім зерттеу жүргізіп, бейнесюжет арқылы студенттермен бөлісті. Жұбан Молдағалиевтің «Күз» өлеңін Ш.Сәкенұлы мәнеріне келтіріп, әсерлі орындаса, А.Құбаев пен Н.Сағынтай «Еділ мен Жайық» әнін өте тамаша орындап, қатысып отырған жұртшылықты өнерлеріне тәнті етті. Кешті тобымыздың ақын студенті Н.Зайыровтың Ж.Молдағалиевке арнап жазған арнауын топ студенті К.Аюпова оқып, қорытындылады.

Шара соңында Жастар ісі жөніндегі комитеттің аға консультанты Ж.Е.Ешимова сөз алып, осындай шара өткізген студенттер мен топ кураторына ризашылығын білдірсе, факультет деканы Қ.Р.Кажимова мен деканның тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Р.Ж.Куаншалиевалар студенттерге алғыс айтып, өнерлеріне тәнті болғандарын жеткізді.

Мән-мағынаға толы кештің өскелең ұрпаққа пайдасы зор екенін ұғына отырып, болашақта да осындай шаралар көптеп ұйымдастырылып тұрса екен деп тілек білдірдік.

Камила БИСЕКОВА,
Мәдениет және өнер факультетінің оқытушысы

К юбилею поэта

Тарих, экономика және құқық факультеті, Құқықтық пәндер кафедрасы

Ж.Молдағалиевтің 100 жылдығына арналған

«Счастья вам, люди...»

Кураторлық сағаты

20 қазан 12:30 | И: 653 943 3460 | П: 956347

Zoom платформасының көмегімен өтеді

ОРАЛ ҚАЛАСЫ, САРАЙШЫҚ 34

ТІРКЕЛ! БІЗБЕН БІРГЕ БОЛ!

WWW.WKSU.KZ

20 октября 2020 года кураторы группы Юр-22 провели кураторский час, посвященный 100-летию Жубана Молдағалиева «Счастья вам, люди!». Со вступительным словом видеоконференцию открыла куратор Усенко Мария Сергеевна. С докладами о жизни и творчестве поэта выступили студенты Ауельбаева Динара и Танирбергенова Томирис.

Жубан Молдағалиев – уроженец Западно-Казахстанской области, один из прославленных сыновей казахского народа, в чьих бессмертных стихах и поэмах бьется горячее сердце патриота и мужественного человека. Его произведения изучали и продолжают изучать в школах и вузах страны.

На кураторском часе студенты имели возможность соприкоснуться с незаурядным творчеством поистине народного поэта, еще глубже проникнуться поэтически-ми образами и основными мотивами художественного наследия знаменитого земляка.

Жолдауға - қолдау



мәселелердің бар екенін ашық айтып, оны шешу жолдарына нақты бағыт берді.

Жолдау барысында әлеуметтік-экономикалық барлық жағдайға тоқтала отырып, оны шешудің тетіктерін толық айтып өтті. Президент ешқандай саланы назардан тыс қалдырмады. Көтерілген мәселелердің бәрі бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Ендігі мәселе – оны орындау. Президент әр сала бойынша не істеу керектігін айтып, көрсетіп берді. Оны жүзеге асыру әрқайсысымызға байланысты. Жолдауда айтылған

Жолдау - дамудың басты бағыты

мәселелер бойынша жаңа мыңжылдықта білімі мен білігі үйлескен мамандардың бәсекесі басым болады. Бұны уақыттың өзі көрсетіп отыр. Еліміздің жоғары оқу орындарының алдында ой-өрісі дамыған, талантты, білімді, еліне жанашыр болатын патриоттар тәрбиелеу міндеті тұр. Осы орайда Мемлекет басшысы бүгінгі Жолдауында оның негізгі бағыттарын ашық айқындап берді. Президенттің биылғы Жолдауы осынысымен үлкен маңызға ие. Күн сайын жаңарып жатқан бүгінгі уақытта ғылым саласына мемлекет тарапынан зор көңіл бөлініп келеді.

Қазақстанның бұл тараптағы мақсаты – ғылымның дамуына жаңа қарқын беру, оның дамуы үшін дұрыс бағыттарды қабылдау және отандық бизнестің ғылыммен тығыз байланыста болуына ықпал ету. Бұл орайда елімізде біршама бастамалар қолға алынды. Өз Жолдауында солардың бірқатарын Президент нақты атап көрсетті. Атап айтқанда, ғылыми жобаларды қаржыландыруға мемлекеттік қазынадан қомақты қаражат бөлініп, жас ғалымдардың ғылыми идеялары жан-жақты ынталандырылмақ. Сонымен

қатар, әлеуметтік мәселелерге де тоқтала отырып, аз қамтылған көпбалалы отбасыларға әлеуметтік көмектердің берілуі, халық арасындағы баспана мәселелерінің оңтайлы шешілуі көңіл қуантарлық жағдай.

Қазіргі уақытта пандемияның салдарынан 4,5 миллион адам жұмысынан айрылғанымен мемлекет тарапынан 42500 теңге әлеуметтік көмек беріліп, халықтың жағдайын шешуде. Пандемиямен күрес барлық адамзат баласы үшін үлкен зұлмат жағдай болса да, ел тыныштығы мен тұрақтылығын сақтауда мемлекетіміздің барлық органдары аянбай еңбек етуде. Елге қиын жағдай тұсында әр азамат көмек күткен жандарға қол ұшын беріп, еліміздің татулығы мен тұрақтылығының мықты екендігін көрсетті. Алдағы сындарлы уақытта ел Президентінің Жолдауында айтылған бағыттарды басты назарда ұстап, бірге күресе білейік. Әрдайым еліміз тыныш, тәуелсіздігіміз мәңгілік болсын!

Қанат ТОҒАЙБАЙҰЛЫ,
Дене тәрбиесі кафедрасының оқытушысы, магистр

Әл-Фараби ілімі көпке үлгі

Әл-Фараби – көрнекті ойшыл, өзінің замандастарының арасындағы ең ірі ғалым, философ және шығыс аристотелизмінің ең ірі өкілі. Өзінің білімділігі мен сауаттылығының арқасында «Екінші Ұстаз» атауына ие болды. Әл-Фарабидің шығармашылық мұрасы орасан зор. Осындай «Шығыстың Аристотелі» атанған ғұлама ойшылдың құрметіне, 1150 жылдығына жалпы университетішілік шаралар қатары леп алды. Соның бірі - физика – математика факультетінде өткен онлайн-дәріс.



Шара барысында университетіміздің «Рухани жаңғыру» институтының директоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Педагогикалық ғылымдары академиясының академигі Абат Сатыбайұлы сөз бастап, Әл-Фарабидің ел басқарар тұлға моделі туралы пайымдарын студенттерге жеткізе алды. Одан әрі университетіміздің тарих, экономика және құқық факультетінің оқытушы магистрі Ақылбек Габиденұлы сөз алып, ғұламаның өмірі мен еңбектеріне


тоқталды. Сонымен қатар, физика-математика факультетінің оқытушы-магистранттары ғұламаның физика мен математика саласына сіңірген еңбектері туралы сөз қозғады.

Қорыта келе, «Шығыстың Аристотелі» атанған Әбу насыр Әл-Фарабидің қандай ғұлама, ойшыл адам болғанын түсініп, алдағы уақытта осындай дәрістердің керектігіне көзіміз жетті.

Ақмерей ЖОЛМҰРАТОВА,
ФИ-21 тобының студенті

Шығыстың Аристотелі

8 қазан күні Педагогика факультетінің ұйымдастыруымен студенттерге Аристотельден кейінгі екінші ұстаз атанған Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойын атап өту, оның өмірі, еңбек жолы туралы түсінік беру, ғұламаның жаң-жақты ерекше тұлға болғандығын дәріптеу мақсатында «Шығыстың Аристотелі» тақырыбында онлайн дәріс өткізілді.



Шара барысында педагогика факультетінің деканы Ергалиева Гүлжан Алғазықызы, ҚР тарихы кафедрасының аға оқытушысы, магистр Жалекенова Гүлбарам Тілекқабилқызы, оқытушы, магистр Гарифуллина Амина Байғалиевна тақырып бойынша дәріс оқып, баяндама жасады. Шара соңында педагогика және психология кафедрасының оқытушысы, магистр Даулетова Асель Тельманқызы студенттермен кері байланыс орнатып, сұрақ-жауап айдарын өткізді.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, филология факультеті бойынша Шығыстың ұлы ойшылы Әбу Насыр Әл-Фарабидің 1150 жылдығына арналған

«ШЫҒЫСТЫҢ АРИСТОТЕЛІ» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ОНЛАЙН ДӘРІС

Модератор:
Есбергенова Гульнар Исамадиновна
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, филология факультетінің тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары.

Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, «Рухани жаңғыру» институтының директоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Педагогикалық ғылымдары академиясының академигі.
Тақырыбы: *Даналықтың рухани нәрі (Түркі әлемінің рухани жұлдызы, ғұлама ғалым Әбу Насыр әл-Фарабидің афоризмдері негізінде).*

Болат Гульжан Муратовна
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, орыс филологиясы кафедрасының оқытушысы, магистр
Тақырыбы: *Аль-Фараби-выдающийся мыслитель Востока*

Акимова Миранкул Кундилдаевна
Орал қалалық №2 кітапхана филиалының кітапханашысы.
Тақырыбы: *«Әбу Насыр әл-Фараби-даналық діндегі» тақырыбында «әдебиеттің әлеуметтік маңызды тұлғаларын сатып алу, басып шығару және тарату» кіші бағдарламасы бойынша жарық көрген жаңа әдебиетке шолу.*

13.10.2020 15:00

Идентификатор: 967 724 2729
Пароль: 123456

Жақында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті филология факультетінде ZOOM платформасы арқылы «Шығыстың Аристотелі» тақырыбында дәріс өтті.

ШЫҒЫСТЫҢ ҒҰЛАМА ҒАЛЫМЫ

Оған филология факультетінің профессор-оқытушылар құрамы мен студенттері қатысты. Шара модераторы - филология факультетінің тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары Есбергенова Гульнар Исамадиновна. Дәрісті М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті «Рухани жаңғыру» институтының директоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы «Даналықтың рухани нәрі (Түркі әлемінің рухани жұлдызы, ғұлама ғалым Әбу Насыр әл-Фарабидің афоризмдері негізінде)», орыс филологиясы кафедрасының оқытушысы, магистр Болат Гульжан Муратовна «Аль-Фараби-выдающийся мыслитель Востока» тақырыбында, Орал қалалық №2 кітапхана филиалының кітапханашысы Акимова Миранкул Кундилдаевна «Әбу Насыр әл-Фараби-даналық діндегі» тақырыбында «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды тұлғаларын сатып алу, басып шығару және тарату» кіші бағдарламасы бойынша жарық көрген жаңа әдебиетке шолу жүргізді. Дәріс өте жоғары деңгейде өтті.

Ұлы даланың ұлық тұлғасы

14 қазан күні Тарих, экономика және құқық факультетінің Дүниежүзілік тарих және әлеуметтік саяси пәндер кафедрасының ұйымдастыруымен әлем мойындаған ғалым-ойшыл Әбу Насыр Әл-Фарабидің 1150 жылдығына орай «Шығыстың Аристотелі» тақырыбында онлайн-дәріс өткізілді.

Дәрісті факультетіміздің декан орынбасары Н.Н.Майманова ашып, өзіндік ой-пікірімен бөлісті. Сонымен қатар кафедрамыздың оқытушы-магистрі Б.М.Мырзабаева қазақ тілінде «Әлемнің екінші ұстазы» туралы барлық қызықты мәліметтермен бөліссе, Г.Н.Есеева шараны орыс тілінде жүргізді.

Дәріс барысында ойшыл Әл-Фарабидің өмірбаяны, барлық өмірін арнаған білім жолы, ерең еңбектері мен шығармалары туралы ой өрбіттік. Ғылымның қай саласына болсын өзіндік орнын ойып тұрып қалдырған Әл-Фарабидің еңбегі студенттерге ерекше әсер қалдырды. Дәрісте ҚР Президенті атындағы атаулы шәкіртақы иегерлері А.Маратова МО-31, К.Жасылбекова МО-32 тобының студенттері «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты еңбекке тоқталып, қазіргі мемлекет басшысы мен Әл-Фараби айтқан мемлекет басшысын салыстыра отырып, өзіндік сыни пікірлерін қалдырды.

А.МАРАТОВА,
МО-31 тобының студенті

Қазан айының 8-і күні Қазақстан Республикасының тарихы кафедрасының ұйымдастыруымен «Тарих» мамандығының 1-4-курс студенттеріне арналған әлем мойындаған ғалым-ойшыл Әбу Насыр Әл-Фарабидің 1150 жылдығына орай «Шығыстың Аристотелі» тақырыбында онлайн-дәріс өтті.

Онлайн-дәріс: мен түйген түйін

Дәріске 70-ке жуық студенттер мен кафедра оқытушылары қатысты. Дәрісті тарих ғылымдарының кандидаты, доцент М.Г.Дюсенғалиева қазақ тілінде, ҚР тарихы кафедрасының аға оқытушысы, магистр Г.Т.Жалекенова орыс тілдерінде жүргізді. Дәріс өте қызықты презентациялармен көркемделіп, әл-Фараби өмірінің қызықты тұстары туралы, студенттердің біле бермейтін қызықты мәліметтермен толықтырылды. Дәрістен менің түйгенім төмендегідей:

Болашақ ұрпақ Әл-Фарабидің кім екенін және оның еңбектерін білуі керек. Ол өзінің білімге құмарлығының арқасында Аристотельден кейінгі екінші ұстаз атанды. Бүгінгі күнге дейін оның логика, метафизика, этика, саяси және әлеуметтік философия, музыка мен медицинаға арналған жүзден аса трактаттары сақталған. Ол ең алғаш болып музыканы математикалық негізде жүйелеп, оны ғылымның бір бағыты ретінде көрсеткен. Оның жазған еңбектері күні бүгінге дейін мән-мағынасын жоғалтпады. Оны біліп, дәріптеп өскен ұрпақтан ғалым да,

ойшыл да шыға алады. Дәрістің басты тақырыбы да, мақсаты да осы. Әйгілі ғұламалардың еңбектері ешқашан ұмытылмауы керек. Керісінше әр ұрпақтың бойында жаңғырып тұруы қажет.

Дәріске қатыса отырып, Әл-Фараби туралы осы уақытқа дейін естімеген, білмеген біраз мәліметтермен таныстым. Өрине, болашақ тарихшы-маман ретінде осы жолда әлі де жұмыстанып, тарихи тұлғалар туралы ғылыми ізденістер жасаймын деген ниеттемін. Болашақ – жастардың, яғни біздің қолымызда! Сондықтан, өткенімізге көз жүгіртіп, тарихты бағалай білу өз қолымызда. Бұл әлемдік өркениет тарихындағы мәдени мұрамыз деп білемін.



Бекзада БЕЙБІТҚЫЗЫ,
«Тарих» мамандығының 2-курс студенті

Ұлы халықтың — Ұлы Абайы

Қазан айының 14-ші жұлдызында Тарих, экономика және құқық факультеті Экономика және менеджмент кафедрасының аға оқытушылары А.Б.Егзалиева мен А.Ж.Акмалиеваның ұйымдастыруымен ұлы ақын Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай 1-2-курс студенттерінің қатысуымен факультетішілік «Ұлы халықтың — Ұлы Абайы» атты әдеби-танымдық сайыс өткізілді.

«Ұлағат», «Жалын», «Жас қыран», «Рухты жастар» атауымен 4 топ және Құқықтану мамандығының студенті А.Қайырболат қатысып, «Таныстыру», ақынның өмір жолы, шығармашылығы жайлы жан-жақты мәліметтер қамтылған «Ұяшықтар» мен «Абай шығармаларынан үзінді» деп аталатын кезеңдер бойынша бақ сынасты.

Үш кезеңнің нәтижесі бойынша «Ұлағат» командасы (Мен-21) 1-орынға, «Рухты жастар» командасы (Т-11)



2-орынға», «Жалын» командасы (ГМУ-11) мен А.Қайырболат (Юр/у-29) 3-орынға ие болды. Танымдық сайысқа белсенді қатысқаны үшін УА-11 тобының студенттерінен құралған «Жас қыран» командасы алғыс хатпен марапатталды.

М.СМАҒҰЛ,
ГМУ-31 тобының студенті

Ұстаз талапты болса, Шәкірт талапты болады.

(Халық даналығы)

Жер жаһанды жайлаған ауыр індет кімді болса да бей-жай қалдырмағаны сөзсіз. Барша халық болып, ел болып күресудеміз. Төрт көзіміз түгел, бауырымыз бүтін, жақындарымыз жанымыздан алыстамасын деп қолдан келер амал-шарамыз тек үйде болу. Тіпті, білім саласында бұрын-соңды болмаған ерекше жағдайда дәріс алып, сымсыз байланыс пен интернет желісіне тәуелді болып, ZOOM платформасы арқылы білім алудамыз.

Адам қанша жыл өмір сүрсе де, қандай іспен айналысса да, өміріндегі ең ұмытылмас сәттер болып студенттік кездер қалатыны анық. Адам бір жылын ойласа дән себеді, бар ғұмырын ойласа ағаш отырғызады, ал ғасырлық болашағын ойласа ұрпақ тәрбиелейді. Иә, расымен ақылдың көзі болған бабалар сөзі тегін айтылмаған болса керек.

Қасиетті мамандықты қадір тұтқан қайратты жандар бар ғұмырын бала жүрегіне жол табуға, санасына



Ұстаз еңбегі — өлшеусіз...

сәуле түсіруге бағыттайды. Дәлірек айтсақ, адамды өмір сүре білуге тәрбиелейді. Сол үшін бойындағы асыл қасиеттерін шәкірттеріне сіңіріп тер төгеді. «Ұстаз болу — өз уақытын аямау, өзгенің бақытын бағалау», - деп Жан Жак Руссо айтқандай, білім алушылар мен адами қарым - қатынас ұстанып бір жағынан сырласып, екінші жағынан бағыт сілтеп, уақыт талабына сай жаңа заманның адамын тәрбиелеу, оқыту үшін білімін, біліктілігін арттырып, үнемі ізденіс үстінде жүруі қажет.

Өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, шәкіртінің жанына нұр құятын аяулы ұстазымыздың бірі де бірегейі — М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің «Биология және экология» кафедрасының доценті, биология ғылымдарының кандидаты, ұлағатты, аяулы ұстазымыз — Бимагамбетова Гульнара Адилгиреевна.

Әрдайым өзін -өзі қамшылау, білімдінен үйрену, білгенін үйрету, сол арқылы қоғамды алға сүйреу — ұстазымыздың ерекше қасиеті. Мұғалімдік мамандықты меңгеріп, ұстаздарымыздың соңынан тәй-тәй басып еріп келе жатқан ізбасарлары болғандықтан «Оқу мен оқытудағы жаңа әдістер», «Биологияны оқытудағы инновациялық технологиялар» атты бірқатар пәндердің қыр-сырын меңгерудеміз. Осы сабақтар барысында ұстазымыз Гульнара Адилгиреевнаның білім берудегі қолданатын әдіс-тәсілдері өте ерекше.

Ең бірінші орында тәрбие, әдептілік сабақ басында көрсетіледі. Ұстазымыздың жағымды, көңілді атмосфера құрай отырып Zoom арқылы өткізген сабағында уақыттың қалай жылдам өтіп кеткендігін де аңғармай қаламыз. Қашықтан отырып-ақ алдында отырған барлық білім алушыларға назар аударып, сабақты ерекше түсіндіріп, талдауға жағдай жасауы әрбір студенттің қызығушылығын арттырады. Сабақ барысында алдымен сергіту сәті арқылы серпіліп,

сабаққа деген құлшынысымыз оянса, екіншіден, логикалық сұрақтар арқылы ойлау деңгейіміз артып, жаңа оқыту технологиясы арқылы сабаққа деген жоспарымызды дайындасақ, сын тұрғысынан ойлап, ойын технологиясы арқылы көңілді ойын ойнап, ой-пікірімізді ортаға салып, сабағымыз өзара пікірталасқа ұласып, әр аптадағы сабағымыз бірінен-бірі өткен қызықты болып, қашықтан оқуға тез бейімделіп келеміз. Елімізде болып жатқан төтенше жағдайларға қарамастан қашықтан оқыту кезінде заман талабынан артта қалмаған, үнемі шығармашылық ізденіс үстіндегі ұстаз өз ісінің шебері екеніне әр сабағында көзімізді жеткізіп, әрдайым жаңашылдығымен әрбір студентті таңқалдырумен келеді.

Ұстазымыздың пікірі өзгеше құнды, әр сабағы бір-біріне ұқсамай, есте қаларлықтай өте қызықты өтеді. Әр аптада өтетін сабағынан тың жаналықты тағаттана күтеміз.

Өз ісінің шебері білім ізденушілердің өмірге көзқарасын, бір-біріне деген сый-құрмет сезімдерін қалыптастырып, білім мен тәрбиенің ұрығын шашып, адамгершіліктің дөнін сеуіп, дұрыс бағытқа бейімдеп, өз саласы бойынша біліктілік дағдыларын ұштастырып жүрген ұстазымыз Гульнара Адилгиреевнаның әр сабағынан қашықтан оқытып-ақ сабақты тыңғылықты меңгеруге болатындығына көз жеткізудеміз.

Адам сүйген ісіне жан-тәнімен беріліп, оған өзінің барлық күш-жігерін жұмсаған кезде марапат пен сый-құрмет өзі іздеп келеді. Біліктілігі мен іскерлігін ұштастыра отырып, білім беру ісіне сүбелі үлесін аянбай қосып келе жатқан ардақты ұстазымызға алдағы уақытта шығармашылық табыс, жемісті еңбек, сарқылмас қуат тілейміз. Ұстазымыздан аларымыз өлі де көп.

Арайлым ҚАНАТОВА,
Биология мамандығы Б-45 тобының студенті

Тоздравляем!

Ученых естественно-географического факультета ЗКУ им. М.Утемисова с тем, что их научный проект «Оценка состояния гидробионтов и микробиома водоемов Западного Казахстана» под научном руководством к.б.н., ассоциированного профессора **Сергалиева Н.Х.** был одобрен Республиканским научным советом и включен на грантовое финансирование научно-технических проектов на 2020-2022 годы на общую сумму 56,5 млн. тенге. В течение 27 месяцев ученые биологи и географы будут проводить исследования современного состояния гидробионтов и микробиома водоемов Западного Казахстана. В рамках развития научной школы по биологическому направлению в реализации проекта будут принимать участие молодые ученые **Сарманов А.Е., Султанов Е.С.**, которые в данный момент за счет средств университета обучаются в аспирантуре Казанского федерального университета. Также к проведению научных исследований будет привлечены магистранты и студенты университета.

Ұстазы жақсының Ұстамы жақсы

1 қазан күні «Ұстаздар күні» мерекесіне орай педагогика факультетінің ұйымдастыруымен «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» атты онлайн мерекелік шара өткізілді.

Шара барысында педагогика факультетінің деканы Ергалиева Гүлжан Алғазықызы ұстаздарға жылы лебізін білдіріп, баяндама оқыды. Жыл сайын педагогика факультеті жаңашылдығын шәкірт тәрбиелеу ісіне жұмсауды мұрат еткен жас мамандармен толығып отырады. Білікті оқытушылар қатарынан көрініп, білімді жастар тәрбиелеуді басты мақсат еткен жас оқытушы, магистр Нұрлыбек Наурызбаев факультеттің ұстаздар қауымын мерекемен шын жүректен құттықтап, алғысын білдірді. Ұстаздарға Арай Олжағали «Ұстазым» әнін орындаса, педагогика факультетінің студенттері көркемсөз оқып, онлайн құттықтауын тарту етті.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылды «Еріктілер жылы» деп жариялаған болатын. Осыған орай қазан айының 15-жұлдызында Тарих, экономика және құқық факультетінің студенті, Г.А.Кушаев атындағы атаулы шәкіртақы иегері Максимов Заманбектің ұйымдастыруымен «Волонтер болу — ерлікпен тең» атты волонтерлық ұйым жетекшілерімен кездесу өтті.

Конференцияны Жастар ісі жөніндегі комитет аға консультанты Ж.Е.Ешимова ашып берді. Университетіміздегі волонтерлік қозғалыс жайында, әлеуметтік кредит бойынша студенттеріміз қандай жұмыстар атқара алатынына тоқталып өтті. Кездесуімізге бірқатар спикерлер қатысты. Солардың бірі - Орал қаласының ақпараттық талдау және жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орталығының басшысы Дулат Нұрбергелұлы. Ол студенттерге «Волонтер деген кім?», «Ол қандай болу керек?» деген сұрақтарға толыққанды жауап беріп, өзіндік тәжірибесімен, сонымен қатар волонтер болған кездегі қызықтарымен бөлісті.

Келесі сөз кезегін Тарих, экономика және құқық факультетінің жанынан құрылған «Рухты жастар» қайырымдылық ұйымының жетекшісі А.Қ.Қысымова алды. Ол ағымдағы жылдың ақпан айында Нұр-сұлтан қаласында өткен «Еріктілер жылының» ашылу салтанатына қатысып қайтқан болатын. А.Қысымова осы жөнінде және «Рухты жастар» ұйымы мен волонтерлікке қалай келгендігі жайлы әңгіме өрбітті.

Кездесу соңында студенттердің сұрақтарына жауап беріліп, пікір алмасылды.

З.Г.МАКСИМОВ,
Ист-21 тобының студенті

«Волонтер болу — ерлікпен тең»

НАУКА ЗКУ им.М.УТЕМИСОВА – ВЫСОТЕ БЫТЬ!

Ученными ЗКУ им.М.Утемисова - кандидатами географических наук К.М.Ахмеденовым и С.К.Рамазановым - 24 октября 2020 года совместно с энтузиастами-краеоведами, музейными работниками, представителями МИО и СМИ была достоверно подтверждена высшая точка всей Западно-Казахстанской области - безымянная гора, продолжение меловых гряд Подуральского плато с абсолютной отметкой 279 метров.

Гора с народным названием «Шыбынды» расположена в 11 км севернее бывшего пос.Отрадное, в 2,8 км от государственной границы с РФ в пределах Акбулакского сельского округа Шынгырлауского района ЗКО. В научной литературе и топографических картах этот факт давно уточнен, но широкой общественности мало известен. В 1985 году географами Г.Е.Москалевым и А.Г.Тарановым в книге «Природа Уральской области», в 1998 году географом А.А.Джубановым в разделе рельеф в книге «Природно-ресурсный потенциал...», в 2001 году в «Зеленой книге Западно-Казахстанской области», под редакцией профессора А.З.Петренко, указывается, что высшая точка области расположена к северо-западу от пос.Отрадное с абсолютной высотой 279 метров. Таким образом, на основе анализа литературных



источников, топографических карт и полевых измерений наивысшей точкой области является гора «Шыбынды» Шынгырлауского района - 279 метров! Вторая по высоте гора - г.Актау в Бурлинском районе (262 метра), третья - гора Большая Ичка в Таскалинском районе (259 метров).

Предлагаем установить памятный знак на горе «Шыбынды». Благодарим идейного вдохновителя и организатора выезда, обладателя знака «Лучший краевед», магистра истории, выпускника ЗКУ им.М.Утемисова Курумбаева А.Ш. и акимат Шынгырлауского района за содействие и благоприятную организацию выезда.

Кажмурат АХМЕДЕНОВ

О ПРОХОЖДЕНИИ археологической практики

Студенты исторического факультета, в отличие от студентов других факультетов, имеют особую традицию. По окончании летней сессии они отправляются в степи и две недели проживают вдали от цивилизации, проходя археологическую практику. Конечно же, для специальности «История и археология» это нормальное явление, неразрушаемая закономерность. А закончившим 1-й курс – таким, как мы новичкам, это очень интересно. К сожалению, начавшаяся пандемия отодвинула сроки и сократила продолжительность археологической практики, но все же мы туда попали! Итак, обо всем по порядку.



Наша археологическая практика проходила летом, с 22 по 27 июня 2020 года на археологическом памятнике Деркул 2, который находится у села Бирлик Таскалинского района Западно-Казахстанской области. Нас встретили руководители практики и студенты-магистранты, которые сопровождали во время практики.

Собственно, на месте археологического памятника проходили раскопки, недалеко от места раскопок в домике жили девушки, а ребятам пришлось устраиваться в палатках. Сразу, после прибытия, я и однокурсники Азат и Эльдар начали устанавливать палатку. В тот же день, пообедав, мы отправились к памятнику, где руководители практики ознакомили нас с местностью, объяснили цели и задачи нашей профессиональной практики. Дальше, разделившись на группы, мы провели

археологическую разведку. Основная научная цель археологической разведки – поиск материальных данных, необходимых для исследования быта, искусства, религиозных верований народов, населявших в древние века определенный географический район; составление топографических планов, определение связи между памятниками и местными природно-ландшафтными условиями, определение точного местонахождения памятников, закономерности их расположения.

Пока мы проводили археологическую разведку, наступила ночь, и мы вернулись в лагерь, где, помывшись и поужинав, легли отдыхать. У нас было довольно строгое расписание: отбой в 23.00, подъем в 4.00 утра. После обеда мы отдыхали, так как днем было очень жарко, и продолжали работу вечером до сумерек.

В первое время, когда приехал, думал, будет очень тяжело. Но уже на второй день время пролетело очень быстро. Конечно же, было неудобно и непривычно спать в палатке. По ночам было прохладно, к тому же нас облюбовали пауки и тараканы. Но практика проходила так интересно, что маленькие неудобства стали незаметны.

Для проведения раскопок нам разделили секторы периметром 6х2 метра для троих человек, на каждого приходился участок 2х2 метра. Так как места раскопок разрабатывались впервые, нам приходилось аккуратно углубляться в землю, используя лопаты и шпателя. Найденные артефакты мы складывали в мешки и отправляли девушкам, где они их зачищали с помощью кисточек и щеток. Всего наш поток выкопал около 20-ти мешков различных остатков жизнедеятельности той эпохи.

Теперь о находках! Стоит сказать, что у некоторых (если не у большинства) во время подготовки к практике были, так сказать, наполеоновские планы. Хотелось найти что-то такое, что явно принадлежит к определенной исторической эпохе. Кто-то хотел найти какую-нибудь монетку. И в первые дни мы были слегка расстроены, поскольку находки не соответствовали нашим ожиданиям. На раскопках мы раскопали в земле несколько костей животных и черепки от керамических изделий. Безусловно, это было очень увлекательно и полезно. Мы удостоверились, что на этом поле действительно раньше жили люди, и эти находки хоть и не были тем, о чем мы мечтали, но все же были настоящими археологическими находками, которые были свидетелями жизни прошлых эпох.

На моем секторе культурный слой появился на глубине 180 см. Культурный слой – это наслоения на месте поселения человека, сохраняющие материальные следы его деятельности: остатки строений, жертвоприношений, потерянные вещи, сломанные инструменты и многое другое. За время раскопок я нашел череп буйвола (по рассказам руководителей практики, это третий череп

ҚЫЗЫҚТЫ АРХЕОЛОГИЯ

Біз, «Тарих» мамандығының 1-курс студенттері жоспарға сәйкес археологиялық сараманнан өттік. Археологиялық экспедицияның туған өлкем Тасқала ауданында өтетінін білгенде мен қатты қуандым. Себебі, өңіріміз тарихқа бай өлкелердің бірі. Ал, тарихты қазбалау - мен үшін өте қызықты. Оның үстіне жыл бойы «Археология» пәнінен алған теориялық білімдерімізді іс-тәжірибеде қолдана отырып жетілдіру өте маңызды. Археологиялық сараман жетекшісі, тарих ғылымдарының магистрі Клышев Ерлан Ерсайнович бастаған «Тарих» мамандығының студенттері Тасқала ауданы, Бірлік ауылына келіп жеттік. Келген бойда сараман жетекшісі лагерьде орналасу тәртібімен, қауіпсіздік ережелерімен таныстырып өтті. Археологиялық сараманымыз Ә.Х.Марғұлан атындағы археологиялық институтының басшылығымен өтті.



Алғашқы міндетіміз «Деркул-1» тұрағымен танысу, зерделеу болды. Тұрақ Бірлік ауылының жанында, Деркул өзенінің сол жағалауында орналасқан. Тұрақтың ерекшелігі: мәдени қабаты өте қалың, 180 сантиметрге дейін жетеді және ол жәй ғана тұрақ емес көпқабатты тұрақ-шеберхана болған.

«Деркул-1» тұрағының қазылу әдісімен таныстық, бірінші 10 сантиметр жер қазылғаннан кейін мәдени қабат басталған әр қабатты бөлек-бөлек шығарып, шыққан топырақты илеп, табылған жәдігерлерді сол жерде бөліп алдық. «Деркул-1» тұрағының солтүстік және оңтүстік жағынан жерді қазып, материк қабатына дейін барлау жұмыстарын жүргіздік, сол арқылы жердің геологиялық қабаттарын анықтадық. Тұрақтың жанынан жерді шаршыларға бөліп, бұрғылау жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде, жердің геологиялық қабаттарының бөліктері ғылыми зерттеу жүргізу үшін алынды.

Қазба жұмыстарынан бөлек, археолог мамандармен тілдесу жиі өткізіліп тұрды. Әр кеш сайын Талғат Базарбайұлы дәріс өткізіп, табылған жәдігерлермен жақынырақ таныстырып отырды.

Маған археологиялық сараман қатты ұнады. Ол жерде мен өзім үшін археологиялық тәжірибе алдым және де тас ғасыры мен энеолит дәуірлері аясындағы білімімді кеңейттім. Экспедиция өте қызықты өтті. Соңғы күні бізді археологиялық дәстүр бойынша археолог дәрежесіне өткізу рәсімі болды. Археологиялық сараман соңында ғылыми жұмыспен, археологиялық қазба жұмыстарымен тереңірек айналысуды мақсат етіп қойдым.

Еламан МӘСЕЛ,
«Тарих» мамандығының 2-курс студенті

буйвола, найденный в этих местах), череп волка или собаки, множество костей и окаменелые фекалии древних животных, очень много осколков керамической посуды. По прогнозам наших руководителей, найденным нами артефактам примерно 6 тысяч лет!

Помимо работы на раскопках у нас также проводились обучающие мероприятия. Во-первых, конечно же, наш преподаватель Клышев Ерлан Ерсайнович прочитал нам курс лекций, рассказывал об археологических раскопках, какую пользу они могут принести, как мы можем узнать о том, где именно нам следует копать. А руководители археологических раскопок рассказывали о методах работы археологов.

В общем и целом, впечатления об археологической практике у нашего курса полностью положительные. Всем очень понравилось приобщение к будущей сфере деятельности, каждый из нас мог внести вклад в общее дело. Общая атмосфера была очень дружелюбной и радостной, всем хотелось больше узнать и больше сделать. Хоть работа и была нелегкой, все к концу рабочего дня уставали, но все было в удовольствие. Мы были очень рады предоставленной нам возможности. Без сомнения, кто-то из нас точно захочет вернуться в следующем году хотя бы на пару дней на эти раскопки и снова почувствовать себя настоящим археологом...

Данияр ХАВЕРОВ,
студент факультета истории, экономики и права
ЗКУ имени М.Утемисова, группа «Истр-22», II курс

Акциздер: теориясы және тәжірибесі

Жуырда есеп және қаржы кафедрасының аға оқытушысы, экономика магистрі Э.Н.Баудиярованың ұйымдастыруымен есеп және аудит мамандығының уа-21, уа-31 топ және қаржы мамандығының ф-21, ф-31 топ студенттеріне Орал қаласы бойынша кірістер басқармасы жанама салықтарды өкімшілендіру бөлімінің бас маманы Аманғалиева Альбина Ерболатқызының қатысуымен Zoom платформасында «Акциздер: теориясы және тәжірибесі» тақырыбында онлайн-дәріс өтті.



Дәріс барысында Альбина Ерболатқызы салық салу жүйесіндегі өз тәжірибесімен бөлісті, акциздер бойынша салық міндеттемесін орындау мәселесі бойынша салық төлеушілерге құжаттық тақырыптық тексерулер қалай жүргізілетіндігін, құқық қорғау және басқа да мемлекеттік органдармен бірлескен тексерулерге қатысу, хронометраждық зерттеп-тексеру жүргізу, салық төлеушіден салықтардың дұрыс есептелгенін және уақытылы төленгенін растайтын құжаттарды ұсынуды талап ету жөніндегі жұмыстар қалай жүргізілетіндігін баяндады. Сонымен бірге ондағы қателіктер мен оларды шешу жолдары туралы айтты.

Дәріс барысында студенттер сұрақтарын қойып, кері байланыс орнатылды, тақырыпқа қатысты мәселелер бойынша пікір білдірілді.

Лидер бухгалтерского учета - 2020

На сегодняшний день профессия бухгалтера - одна из самых востребованных. Чем же вызвана ее популярность? От умения бухгалтера работать, его знаний налогового и бухгалтерского законодательства, сегодня, в условиях рыночных отношений, как никогда, зависит судьба предприятия. Учитывая финансовую деятельность предприятия, бухгалтер контролирует все его важнейшие функции.


15 октября на кафедре учета и финансов была проведена ежегодная интеллектуальная викторина «Лидер бухгалтерского учета-2020», в которой приняли участие студенты 3 курса специальности Учет и аудит и финансы. Организатором выступила преподаватель кафедры учета и финансов Тогжанова А.К.

Также в качестве жюри были приглашены: зав. кафедрой учета и финансов Искакова Б.Г., преподаватели Мустафина А.С., Ахонова Г.К.

Игра проходила он-лайн через платформу ZOOM и состояла из 3 туров:

- 1 тур: Разминка.
- 2 тур: Полиглот.
- 3 тур: Интеллектуальный.

В ходе игры студенты-участники показали хорошие знания по специальным дисциплинам. Все студенты активно участвовали на всех этапах игры, показывая



высокий уровень интеллекта и полученных умений и навыков по предметам «Основы бухгалтерского учета» и «Финансовый учет». 1 место с небольшим отрывом занял Симонян Эдуард (гр. Ф-32).

Участники игры пожелали в дальнейшем часто проводить такие интересные мероприятия.

А.К.ТОГЖАНОВА

ЖАҰЫҚКА САЯХАТ

Жақында педагогика факультетінің 1-курс студенттеріне арнайы Орал қаласының көрнекті жерлеріне онлайн саяхат ұйымдастырылды. Шара Instagram әлеуметтік желісі арқылы тікелей эфирде өтті.

ОРАЛ ҚАЛАСЫНЫҢ КӨРНЕКТІ ЖЕРЛЕРІНЕ САЯХАТ

ЖЕҢІС АЛАҢЫ:
 Е.И.ПУГАЧЕВ АТЫНДАҒЫ МҰРАЖАЙ;
 М.ӨТЕМІСОВ АТЫНДАҒЫ БҚУ МҰРАЖАЙЫ;
 Ж.МОЛДАҒАЛИЕВ АТЫНДАҒЫ БҚО ӘМБЕБАП ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНАСЫ;
 Х.БӨКЕЕВА АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ДРАМА ТЕАТРЫ;
 БҚО ТАРИХИ-ӘЛКЕТАНУ МҰРАЖАЙЫ.

КАТЫСУШЫЛАР: ПЕДАГОГИКА ФАКУЛЬТЕТІНІҢ 1-КУРС СТУДЕНТТЕРІ

13.10.2020 15:00

Онлайн саяхат Жеңіс алаңынан бастау алып, Е.И.Пугачев атындағы мұражай, М.Өтемісов атындағы БҚУ мұражайы, Ж.Молдағалиев атындағы БҚО әмбебап ғылыми кітапхана, Х.Бөкеев атындағы қазақ драма театры және БҚО тарихи-әлкетану мұражайымен аяқталды. Сондай-ақ, Н.Назарбаев даңғылында орналасқан өзге де тарихи ғимараттар туралы ақпараттар айтылып, студенттердің назарына ұсынылды.

Қараша айында қазақтың ұлы ғалымы, ағартушы, шығыстанушы, тарихшы, географ Ш.Уәлихановтың туғанына 185 жыл толады. Осы орайда Тарих, экономика және құқық факультетінің ҚР Президенті атындағы атаулы шәкіртақы иегерлері М.Смағұл, Б.Задагереева, А.Маратованың бастамасымен 1-курс студенттерінің арасында «Шығыстың жарық жұлдызы» атты танымдық сайыс ұйымдастырылды.

ШЫҒЫСТЫҢ ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗЫ

Сайыстың мақсаты - Шоқан Шыңғысұлының жарқын бейнесін, ғалымның баға жетпес еңбектерін студенттер арасында насихаттау.

Ш.Уәлихановтың өмірі мен ғылымдағы жолы туралы жан-жақты сұрақтар қарастырылған. «Ұяшықтар», «Зерде», «Бәйге» атты үш кезең бойынша 1-курс студенттері К.Дордий, К.Липнау, Г.Ниятиллаева, Б.Сайлаубайқызы, Г.Сариева бақтарын сынады.

Сайыс барысында Шоқан туралы ашық дереккөздерінде айтыла бермейтін құнды ақпараттар айтылып, қазақ тарихына қосқан үлесі жайында мәліметтер келтірілді.

Байқау қорытындысы бойынша: Г.Ниятиллаева (Юр-11) I орынды, К.Дордий (Юр-11) II орынды, Б.Сайлаубайқызы (Юр-11) III орынды иеленді.

Танымдық сайысқа белсене қатысқаны үшін К.Липнау (МО-12) мен Г.Сариеваға (Юр-13) ұйымдастырушы тараптан алғыс жарияланды.

Мағжан СМАҒҰЛ,
ГМУ-31 тобының студенті

Приоритеты – изучение языков

16 октября кафедрой всемирной истории и социально-политических дисциплин факультета истории, экономики и права была проведена интеллектуальная игра под названием «Үш тұғырлы ел - болашақтың кепілі». Целью мероприятия было формирование положительного отношения к изучению языков, выделенных в приоритетах Послания Елбасы Республики Казахстан.

Сұрақ санаты	Сұрақ күрделілігі			
	10	20	30	40
Музыка әлемі				
Ұлы ғалымдар ойлары				
Қалалар				
Әлемдік тілдер				

В данной интеллектуальной игре приняли участие 3 команды: «Step by step», «Миротворцы», «Blossom». В составе команд были студенты 1 и 2 курсов специальности «Международные отношения». Интеллектуальная игра состояла из 5 туров: «Приветствие», «Блиц-опрос», «Узнай по картинкам», «Пословицы», «Умные ячейки».

По итогам 5 туров команда «Step by step» (МО-22) заняла первое место, команда «Blossom» (МО-11) - второе, «Миротворцы» (МО-12) - третье. В ходе игры студенты вели активное обсуждение и проявляли интерес к заданным вопросам и заданиям. Все участники были награждены дипломами.

Камила ЖАСЫЛБЕКОВА,
студентка группы МО-32

СПИД - жастар көзімен

Студент жастардың бос уақытын тиімді өткізуді ұйымдастыру, талантты жастардың мәдени, рухани және шығармашылық дамуына үлес қосу мақсатында ағымдағы жылдың 15 қазан күні Батыс Қазақстан облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі облыстық орталығының қолдауымен «Жас экономист» жастар қоғамдық бірлестігі Жоғары және арнаулы оқу орындарының студенттері арасында «СПИД - ЖАСТАР КӨЗІМЕН!» атты онлайн байқауын өткізді.

Байқау қорытындысы бойынша үздік деп танылған студенттер дипломмен, бағалы естелік сыйлықтармен, арнайы номинациялармен марапатталды. «ТІРКЕЛ, РЕПОСТ ЖАСА, ЛУПІЛ БАС» номинациясы бойынша:

- I орын - Менешова Валиса;
- II орын - Маратова Наргиз;
- III орын - Тулепова Жаркын.



ТikTok «СПИД-ЖАСТАР КӨЗІМЕН!» номинациясы бойынша:

- I-орын - Варвара Осинковская;
- II орын - Биялиева Снежана.

«Пост жарияла!» номинациясы бойынша:

- I орын - Матышева Жанерке;
 - II орын - Сайлаубайқызы Балнұр;
 - III орын - Ерболатқызы Дильназ.
- Барлық жеңімпаз студенттерді құттықтаймыз!

Студенттік шақ — қайталанбас ғажап сәт

Студенттік шақ - адам өміріндегі қызығы мен қиындығы қатар жүретін, ең аяулы, ең биік мақсаттар мен асу армандарға толы кезең. Биылғы жас түлек, қиялдарын қанаттарына байлап, арман мен аманат арқалап келген жас ұландар осы сәттен бастап өмір кітабының «студенттік кезең» атты ақ парақтарын безендіретін болады.

23 қазан күні жыл сайынғы дәстүр бойынша М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің оқуға жаңадан қосылған 1-курс студенттерін университет студенттерінің қатарына қабылдау рәсімі өтті. Аталған шара облыстық ТДК-42 арнасының тікелей эфирінде жалпы жұртшылыққа ұсынылды.

Студенттік қатарға қабылдау рәсімінің шымылдығы алдымен заманауи ән-бимен ашылды.

Шара барысында мерекеге орай құттықтау сөз арнаған М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің ректоры, биология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Нұрлан Хабиболлаұлы Серғалиев:

- Құрметті студенттер! Сіздердің араларыңыздан болашақта ұлағатты ұстаз, ғұлама ғалым, талантты

өнерпаз, спорт саңлағы, мемлекет және қоғам қайраткері шығып, қара шаңырақтың түлектер тарихында елеулі есімдер жазылады деген үлкен сенімдеміз. Сіз таңдаған Махамбет университеті – өңірдегі алғашқы білімнің қарашаңырағы және ғасырға жуық тарихы бар ұстаздар ұстаханасы. Сіздің таңдау бұл – болашаққа зор табысқа жетудің негізгі кілті. Махамбет университетіндегі әрбір ұстаз сіздерге білім беріп, білікті маман, ұлтжанды азамат, талантты тұлға болуға бар күш-жігерін жұмсап аянбай қызмет етеміз. Сол жолдағы мақсаттарыңыз айқын, мұраттарыңыз биік болсын! Білім әлемінде сапарларыңыз сәтті болсын!,- деп білім ордасына басқан қадамдарына ақ жол тіледі.

Дәстүр бойынша сахна төріне студенттік ректор мен әр факультеттің студенттік декандары, белсенді студенттері шақырылды. 1-курс студенттері салтанатты түрде студенттік ант қабылдап, оларға 4-курс студенттері Жандос Меңдешұлы мен Альбина Елеусинова «Білім кілті» мен «Студенттік билет» табыстады. Осы орайда, Халықаралық студенттер әнұраны шырқалып, арман қуып келген жастар салтанатты түрде университет студенттері қатарына қабылданды.

Мерекелік шара одан әрі жалғасып, сахна төрінде Махамбет университетінің түлектері, өнерпаздары,



Бүгінгі таңда елімізде жаңа білім беру жүйесінің қалыптасуы жүруде. Осыған орай, алдыңғы қатарлы идеялар мен педагогикалық технологияларды практикалық тұрғыдан жаңарту және оларды ғылыми тұрғыда негіздеу бағытындағы жұмыстар жүргізілуде. Болашақ маман – бүгінгі студент педагогика теориясы мен практикасындағы қазіргі заманғы инновациялық технологиялардың түрлерін біліп, оларды оқу-тәрбие үдерісінде шығармашылықпен қолдануға тырысуы тиіс. Қазіргі заманғы озық технологияларды білім беру

Гульнара Адилгиреевнаның жетекшілік етуімен «Оқу мен оқытудағы жаңа тәсілдер», «Биологияны оқытудағы инновациялық технологиялар» курсын қашықтан оқып бастадық. Бұл курстар басқа курстардан өзгеше десек артық айтқандығымыз емес. Себебі, болашақ педагог ретінде көптеген жаңа әдіс-тәсілдердің түрімен танысып қана қоймай, оларды практикада қалай қолдану керектігін үйреніп жатырмыз. Ұстазымыз Бимагамбетова Гульнара Адилгиреевнаның әр дәрісін қызығушылықпен тыңдап, практикалық сабақ сайын

БОЛАШАҚҚА БАСТАР ЖОЛ

Әрбір жеке тұлғаның өз ойында қалыптастырған арманы мен мақсаты болады. Дәл сол секілді мен де М.Өтемісов атындағы БҚУ-не түсу арқылы өз арманымға жету жолындағы алғашқы қадамды жасадым. Мен Тарих, экономика және құқық факультеті құқықтану мамандығының 1-курс студентімін. Қазіргі студент ретінде басты міндетім – университетіміздің үздік мамандарынан білім алып, болашақта өз мамандығымның білгірі атану.

Өлемдегі эпидемиологиялық жағдайға байланысты алғашқы студенттік кездеріміз қашықтан оқу жүйесінде өтуде. Алайда, оған қарамастан ұстаздарымыз университет әкімшілігі мен студент арасындағы байланысты жоғалтпай, сапалы білім беруін жалғастыруда. Алғашқы оқу жылымыз онлайн өтіп жатқанымен, университетіміздің жоғары курс студенттері әртүрлі бағыттағы шаралар ұйымдастырып, университет атмосферасын сезінуге барынша атсалысуда. Осыған орай университет ұжымы мен студенттеріне 1-курс атынан алғысымызды білдіреміз!

Өзім қатарлас 1-курс студенттеріне әрдайым білім биігінен көрініп, жаңа оқу жылын мағыналы да, қызықты өткізуге тілектестік білдіремін. Болашаққа басқан алғашқы қадамдарыңызбен құттықтаймын!

Дана НҰҒМАНОВА,
ЮР-13 тобының студенті

Халықаралық конкурстың лауреаттары, университет жанынан құрылған би ансамбльдері өз өнерлерін паш етіп, әуезді ән, әсем бимен көркемделген концерттік бағдарламаға ұласты.

Тікелей эфирде өткен осынау шара өз мәресіне жетіп, рәсім соңында «БатысStar» тобының орындауындағы Қ.Қисметовтің әні мен сөзіне жазылған «Менің университетім» әні шырқалып, студенттерге асқан рух, жалынды жігер сыйлады.

Шұғыла ЕҢСЕП,
Филология факультетінің 2-курс студенті

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ - САПАЛЫ БІЛІМ КӨРСЕТКІШІ

үдерісінде тиімді қолдану, ең алдымен, оларды терең, жан-жақты оқып-үйренуді талап етеді. Сондықтан «Оқу мен оқытудағы жаңа тәсілдер», Биологияны оқытудағы инновациялық технологиялар» курстары кредиттік жүйе бойынша біздің оқу жоспарымызға енгізілген.

Қазіргі уақытта республикамызда бүкіл әлемге жайылған COVID-19 індетімен қарқынды күрес шаралары жүргізілуде. Осыған орай вирустың алдын-алу мақсатында университетіміз басқа да көптеген жоғары оқу орындары сияқты қашықтан оқытуға көшті. Ал қашықтықтан оқыту босаңсуға жол бермейді, өйткені қазіргі заманғы технологиялар оқу үрдісінің барлық кезеңдерін қашықтық форматқа көшіруге толығымен мүмкіндік береді. Мемлекетіміз қашықтан оқытуды тиімді ету үшін көптеген жұмыстар атқаруда. Осы орайда бейнеконференцияларды, онлайн кездесулерді өткізуге және топтық чаттар құруға арналған ZOOM мобильді қосымшасы, Email электрондық поштасы және оқытушымен күнделікті тығыз байланыста болуға өте тиімді WhatsApp платформасы біздің ең басты оқу құралдарымызға айналып үлгерді.

Біздің жоғары оқу орнымызда мамандар даярлаудың сапасын арттыруда мұғалім тұлғасының өздігінен дамуына, оның шығармашылық қабілетінің артуына мүмкіндік жасауды және оқу тәрбие үдерісін жетілдіруді қамтамасыз ететін жаңа педагогикалық технологияларды дұрыс игерту мақсатында осы жылы биология ғылымдарының кандидаты, доцент Бимагамбетова



ZOOM мобильді қосымшасының «ашық алаңында» үнемі талқылаймыз. Сабақтың өту барысы бізге қатты ұнайды. Практикалық сабақты барлық студент асыға күтіп, белсенді қатысады. Біз оны ұстазымыздың шеберлігі және ұйымдастырушылық қабілетінің жоғары болуының арқасында деп білеміз. Себебі, әр практикалық

сабақ сайын біз сыни тұрғыдан ойлауға баулитын көптеген тапсырмаларды орындап, шағармашылықты арттыратын жұмыстар жасаймыз. Соның бір ғана дәлелі «Оқу үшін бағалау және оқытуды бағалау. Бағалау түрлері» тақырыбын менгеру барысында ұстазымыз әр студентке өзінің елді мекенінде жоқ ғимараттарды түрлі-түсті қағаздардан құрастырып жасау жөнінде тапсырма берген болатын. Тапсырманы орындау барысында басшылыққа алынатын бірнеше критерийлер қойылды: ғимараттың барынша биік болуы, оның беріктігі, қазақи

нақышта салынуы т.б. Әрі тапсырманың орындалуына уақыт шектеулі екені ескерілді. Тапсырманы орындау барысында өзіміздің шығармашылық қабілетімізді байқай отырып жасалған жұмыстарға бағамызды бердік. Бағалауды ұғындыру мақсатында ұстазымыздың тарапынан басқа да тапсырмалар беріліп, бағалау тақырыбын менгере алдық.

Әр сабағымыз осындай көптеген қызықты тапсырмаларға толы. Мысалы, оқиға желісін жалғастыру, өз ойын айту, өлең жолын аяқтау және тағы басқа. Біз сабақ сайын өзімізді жан-жақты дамытамыз десек қателеспейміз. Әр студент сабақта уақытты тиімді пайдалануды, байқамаз болуды, сыни тұрғыдан ойлауды, топта бірігіп жұмыс жасауды, бір-біріне көмектесуді, өзгенің пікірін құрметтеуді үйрену үстінде. Осы қасиеттерді бойымызға сіңіруге аянбай еңбек етіп, көп уақытын бізге арнап отырған оқытушымызға алғысымыз шексіз.

«Оқу мен оқытудағы жаңа тәсілдер», «Биологияны оқытудағы инновациялық технологиялар» курстарын меңгеру барысында әдістемелік қоржынымыз жаңа әдіс-тәсілдермен толықты және өз мамандығымызға деген қызығушылығымыз одан әрі арта түсті.

Бұл әдістемелік шыңдалу жолымыз келесі оқу семестрінде өтетін педагогикалық сараманымызға оң әсерін тигізетініне еш күмәніміз жоқ.

Т.БАЗАРБАЙ, А.ХАЙРУШЕВА Е.РАХИМОВ,
Жаратылыстану-география факультеті
Б-41 тобының студенттері.

Онлайн-кураторский час ко дню языков, посвященный 175-летию Абая

В целях ознакомления студентов с творчеством великого поэта Абая Кунанбаева, его жизненным путем и формированием в студентах творческих идей, трудолюбия, честности, свободного выражения своих мыслей, а также развития поисковой, исследовательской деятельности и привития интереса к чтению 23 октября на 2 курсе организовано торжественное мероприятие к юбилею поэта.

Абай Кунанбаев - великий поэт казахского народа, философ-гуманист, композитор, ювелирный мастер художественного слова. Мероприятие проводилось онлайн на платформе ZOOM и началось с приветственных слов ведущих. Студенты Татьяна, Дильназ, Алина прочитали стихи Абая на русском языке.

Абай – один из величайших гуманистов прошлого. Воздействовать на умы и чувства людей, обновлять общество средством поэтического слова, глубоко уважение к достоинству человека – вот что характерно для Абая-гуманиста.

Студенты Айдана и Анна прочли стихи Абая на казахском языке. Был презентован фильм, показан видеоролик о жизни и творчестве поэта. Ведущими

был проведен блиц-опрос о жизни Абая. Безусловно, произведения Абая воспитывают в молодом поколении чувства патриотизма, доброжелательности, преданности, гуманности, негативного отношения к плохим привычкам.

В завершении поэтического часа студенты спели гимн Республики Казахстан, и мероприятие закончилось поздравительными словами старшего куратора кафедры дошкольного и начального образования Набиевой Ж.Ж. и куратора групп ПИМНО - 22, ПИМНО/у – 24 Панищевой О.А.

О.А.ПАНИЩЕВА,

Куратор групп ПИМНО - 22, ПИМНО/у - 24

ПЕДАГОГИКА ФАКУЛЬТЕТИ – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ КЕПІЛІ



30 қыркүйек күні Педагогика факультетінің ұйымдастыруымен 1-курс студенттеріне университеттің білім беру жүйесін, ішкі тәртібін, қашықтан оқытудың білім беру ерекшеліктерін таныстыру, студенттердің белсенділігін арттыру мақсатында онлайн-кездесу өткізілді.

Шара барысында педагогика факультеті тәрбие ісі жөніндегі деканның орынбасары Тапаева Жанерке Таулбаевна, «Ақиқат» пікірсайыс орталығының төрағасы Сүлейменов Мерген Қуанышұлы, «Жас экономист» ЖҚБ төрағасы Дүйсенбаев Төрехан Ерсайынұлы, Жастар ісі жөніндегі комитеттің жетекшісі Қонысбаев Абылай Онғарұлы және студенттік ректор Мендешұлы Жандос студенттерге ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, университеттің қоғамдық өміріне белсенді араласуға шақырды.

Теолог маманмен кездесу

Жуырда М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті педагогика факультетінің 1-курс студенттері арасында діни экстремизм және терроризмнің алдын алу, Қазақстан халқының дәстүрлі мәдени құндылықтарына сай келетін сананы қалыптастыру, дін саласындағы мемлекеттік саясатты түсіндіру бағытында онлайн түрде ақпараттық – түсіндіру жұмысы жүргізілді.



Кездесу барысында Орал қаласының ақпараттық-талдау және жастармен жұмыс жөніндегі орталықтың теолог маманы Оразбек Жамбылұлы Амреев жалпы бүгінгі әлемде, қоғамда болып жатқан террорлық әрекеттер мен дінаралық қақтығыстар туралы, сондай-ақ қазіргі уақыттағы дәстүрлі емес діни ағымдардан қалай сақтану, олардың қоғамға келтіретін

зияны туралы мәселелерге тоқталып, қоғамда болып жатқан террорлық түрлі оқиғалар туралы жастарға дұрыс бағыт-бағдар беріп, оларды жаман іс-әрекеттерден сақтануға, азаматтық сана – сезімді қалыптастыруға, рухани құндылықты дәріптеуге шақырды. Кездесу соңы сұрақ-жауаппен алмасып, студенттер өз пікірлерін білдірді.

Жоғары оқу орындары мен орта арнаулы оқу орындарының 1-курс студенттері арасында діни экстримизм терроризмнің алдын алуға бағытталған ақпараттық түсіндіру жұмыстарының жасаған жоспары бойынша 15 қазан күні физика-математика факультетінің 1-курс студенттерімен теологтың кездесуі өтті.

СҰРАҚТАРЫНА ЖАУАП АЛДЫ

Кездесуге дін мәселелерін зерттеу орталығының теолог маманы Н.Убаев қатысып, студенттерге жалпы әлемде болып жатқан террорлық әрекеттер туралы, сонымен қатар дәстүрлі емес діни ағымдардан қалай сақтану керектігін, олардың қоғамға тигізетін зияны туралы сөз қозғады. Студенттерге көзі ашық, сауатты маман бола білудің, жаман іс-әрекеттерден сақтанудың, рухани құндылықтарды сақтай білудің маңыздылығын түсіндірді. Шара сонында студенттер өздерін қызықтырған сұрақтарға жауабын алып, пікірлерімен бөлісті.

Перспективы профессии

В рамках дисциплин «Методика преподавания истории» и «Теория и технология обновленного образования» старшим преподавателем кафедры истории Республики Казахстан Жалекиной Гулбарам Тлеккабыловны была организована онлайн-встреча с тренером ЦПМ (Центр педагогического мастерства) города Уральск, Сапашевой Эльмирой Ибрагимовной. В мероприятии приняли участие студенты 3 и 4 курсов специальности «История» факультета Истории, экономики и права.

Данная встреча помогла нам увидеть реальную картину преобразований в школе. Эльмира Ибрагимовна рассказала нам о роли учителя как лидера в школе, поделилась своим педагогическим опытом. Мы получили объемную и полезную информацию об особенностях обновленного образования, о специфике работы с детьми. Она познакомила нас с основными документами учителя, это нормативно-правовые документы, учебная программа, типовой учебный план и инструктивно-методическое письмо, а также на примере одной темы научила составлять планы к занятиям. Были отработаны инновационные приемы, такие как: метод проектов, метод кейсов, деловая игра, мозговой штурм и др.

Следует отметить вовлеченность и активность наших студентов, которые задавали практические вопросы по будущей профессиональной деятельности. Состоялся конструктивный диалог по проблемам формирования исследовательских навыков учителей и учащихся в рамках обновленного содержания образования.

От имени всех студентов выражаем свою благодарность старшему преподавателю, магистру Жалекиной Г.Т. за организацию встречи и возможность пополнить свой багаж новыми знаниями.

Гүлдана Нұржанқызы,


студентка 4 курса образовательной программы «История»

Мамандық таңдауым – жүрек қалауым

27 қазан күні экономика және менеджмент кафедрасының аға оқытушылары З.Ю.Янтурсина, А.Б.Егзалиева тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес дәстүрге айналған «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы студенттерінің танысу кешін ұйымдастырды. Шара жетінші мәрте өз жалғасын тауып, «Мамандық таңдауым – жүрек қалауым» атты тақырыппен қашықтан өткізілді. Танысу кешінің мақсаты – МЖЖБ мамандығы бойынша университет табалдырығын аттаған 1-курс студенттерін жоғары курс студенттерімен таныстыру және осы мамандық бойынша бітіруші түлектерге сәттілік тілеп, естелік қалдыру.

Кеш барысында топ старосталары слайд арқылы өлең шумақтарымен әрбір студентке сипаттама беріп, таныстырып өтті. Танысу кеші еркін форматта өтті. Жоғары курс студенттері университет қабырғасында өткен қызықты сәттерімен бөлісті. МЖЖБ мамандығының 3-курс студенті, Президенттік шәкіртақы иегері Смағұл Мағжан 1-курс студенттеріне степендиант атанудың жолдарын айтып, кеңес берді. Мамандық туралы ақпарат беріп, 1-курс студенттерімен кері байланыс жасады.

Кеш соңында 4-курс студенттері университетті қимай жүргендіктерін, студенттік жылдардың тез өте шыққаны туралы айтып, кураторларына, кафедра оқытушыларына алғыстарын жаудырды.





Баубек Бұлқышев атындағы жас журналистер клубының жаршысы

2016 жылы қаңтардың 30-ынан бастап шығады - Издаётся с 30 января 2016 года

Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі.
А. Байтұрсынов

Журналист

(Journalist)

№6 (31), қазан, 2020 жыл

Ұлылыққа тағызым

Абай — тұтас қазақ ақыл-ойының барометрі

175 ЖЫЛ
ҚР АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ ДАМУ МИНИСТРЛІГІ
«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР АКАДЕМИЯСЫ» ҚБ
«АДАМ АТЫНДАҒЫ АҚПАРАТ АРНАЛАРЫ АКАДЕМИЯСЫ» ҚБ
«АДАМ АТЫНДАҒЫ АҚПАРАТ АРНАЛАРЫ АКАДЕМИЯСЫ» ҚБ

Тренер – Абат Қыдыршаев, М.Өтемісов атындағы БҚМУ профессоры, академик, «Рухани жаңғыру» институтының директоры, «Жоғары оқу орнының үздік педагогы», «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгілерінің иегері

ОНЛАЙН ТРЕНИНГ
15.09.2020 Сағ: 15.00

«Абай – тұтас қазақ ақыл-ойының барометрі» шеберлік сағыты

ZOOM платформасы арқылы өтеді.
Семинардың идентификатор номері: 968 887 7780
Пароль: 123456

16.09.2020 ж., сағ. 16:00., 222-кабинет

Адам мақсатына өзін-өзі жетілдіру арқылы жетеді.

ӘбуНасыр әл-Фараби
Философ-ғалым, әлем мойындаған тұлға

Естілердің сөзін ескеріп жүрген адамның өзі де есті болады.

Абай
Ұлт руханиятының толағай тұлғасы, ұлы ақын, әлемдік деңгейдегі ойшыл

Қазір қайсысымызға да ақша да, басқа да қат болғанымен, ең басты қат нәрсе – ақыл. Жанашыр достың ақылы. Көргені көп кемелдің, жеткені көп беделдің немесе солардың тереңіне бойлай білген зерде мен зейіннің айтатындары.

Әбіш Кекілбайұлы
Классик жазушы

Данышпан ғұламалардың озық ойларымен танысу – таңғажайып ой жаттығуы іспетті. Ақылды құнарландырып, ойды сындарлы етеді. Жасқа да, жасамысқа да қажетсіз болуы мүмкін емес.

И.Гердер
ағартушы философ, мәдениет теоретигі

I. Абай – рухани ұстаз

1.1. Ішсем, жесем, ұйықтасам – тән құмары, Білсем, көрсем, үйренсем – жан құмары.

1.1.1. Өмірдің алды – үміт, арты – өкініш.

1.1.2. Жастықта көкірек зор, уайым жоқ.

1.1.3. Кейбіреулер сөзді жүрегімен тыңдамайды, құлағымен қармайды.

1.1.4. Ішпек, жемек, кимек, күлмек, көңіл көтермек, құшпақ, сүймек, мал жимақ, мансап іздемек, айлалы болмақ, алданбастық – бұл нәрселердің де өз өлшемі бар.

1.2. Қолдан келмес іске ұмтыл, азат басың болсын құл!

1.2.1. Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады.

Одан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақшылық.

1.2.2. Мақсат – алыс, өмір – шақ.

1.2.3. Ой кеселдері: **уайымсыздық, салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, қайғыға салыну, құмарға берілу.**

1.2.4. Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: **бірінші - көкірегі байлаулы беріктік, екінші - ғибратлану, тұшынып, ынтымақтану, үшінші - бірнеше қайтара ойланып, көңілге бекіту, төртінші - ой кеселді нәрселерден қашық болу керек.**

II. Абай мұрасы – рухани қазына

2.1. Үміт үзу – қайратсыздық

2.1.1. Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар, олар – **надандық, еріншектік, залымдық.**

2.1.2. **Еріншектік** – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. **Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік** – бәрі содан шығады.

2.1.3. Адам баласының ең жаманы – **талапсыз.**

2.1.4. **Тәуекелсіз, талапсыз мал табылмас.**

2.2. Иман – парыз

2.2.1. **Иман сақтауға – қорықпас жүрек, айнымас көңіл, босамас буын керек.**

2.2.2. **Құдайшылық – жүректе. Қалпыңды таза сақта.**

2.2.3. **Әуелі құдайға сыйынып, екінші өз қайратыңа сүйеніп еңбек қылсаң, қара жер де құр тастамайды.**

2.2.4. **Сұрауын табамын, қалауын табамын деп жүріп қорлықпен өмір өткізгенше – малды не жерден сұрау керек, не маңдай терден сұрау керек.**

III. Абай мектебі – тұлғаның рухани жетілу жолы

3.1. Ақыл – жан қуаты

3.1.1. Адамға ақыл керек, іс керек, мінез керек.

3.1.2. Арлану – ақылдының ісі.

3.1.3. Адам ақылсыздығынан азбайды, ақылдының сөзін аларлық **жүректе жігер, қайрат, байлаулылық жоқтығынан** азады.

3.1.4. Ақыл – жүректің суаты.

3.2. Білімдіден шыққан сөз – талаптыға болсын кез, Нұрын, сырын көруге – көкірегінде болсын көз.

3.2.1. **Надан ел – қуанбас нәрсеге қуанады, ұялмас нәрседен ұялады.**

3.2.2. **Ғылым таппай мақтанба, орын таппай баптанба.**

3.2.3. **Әсемпаз болма әрнеге, өнерпаз болсаң, арқалан.**

Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан.

3.2.4. **Сенбе жұртқа тұрса да қанша мақтап,**

Әуре етеді ішіне қулық сақтап.
Өзіңе сен, өзіңді алып шығар,
Еңбегің мен ақылың екі жақтап.

Түйін

Абай – рухани бай тұлғаның моделін ұсынушы.
Абайдың рухани мұрасы – тұлғаны түзетудің, тұлғаны түлетудің каталлизаторы.

Абай мұрасы – қазақ халқының күнделікті өмірінің кодексі.

Абай сынды ой алыбының рухани дүниесі – адам өмірінің тірегі, еліміздің алдағы стратегиялық болашағын анықтау құралы.

P.S. Абай – тұтас қазақ ақыл-ойының барометрі

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында халқымыздың біртуар ұлы перзенті Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жылдық мерейтойын лайықты атап өтудің той тойлау үшін емес, ой-өрісімізді кеңейтіп, рухани тұрғыдан дамуымыз үшін аса қажеттілігін баса айтқан-ды. Мемлекет басшысы Абайға құрметті бүгінгі жаңа ұрпақты тәрбиелеудің тиімді тәсілі тұрғысында таниды. Бұл ретте Ел Президенті: «**Ұлттық сананы сақтау және оны заман талабына бейімдеу – мемлекеттік маңызы бар мәселе. Өйткені сананы жаңғырту арқылы ХХІ ғасырда еліміздің тың серпінмен дамуына жол ашамыз. Осы орайда Абай мұрасының тигізер пайдасы зор. Абайдың ой-тұжырымдары – баршамызға қашан да рухани азық. Ұлттымызды жаңғырту ісінде оның еңбектерін басшылыққа алып, ұтымды пайдалану жайын ой елегінен өткізген жөн**», - деп пайымдайды. Одан әрі ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы: «**Абайды терең тануға баса мән бергеніміз жөн. Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелдіктің көрінісі. Интеллектуалды ұлт дегеніміз де осы. Осыған орай Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын темірқазығына айналуы қажет... Абай туындыларының мазмұны жалпыадамзаттық құндылықтарға толы. Оның қара сөздері – әлем халықтарының ортақ қазынасы. Бұл - классикалық үлгідегі өнегелі ойлар шоғыры. Нақыл сөз, ғибратты сөз, ғақлия сөздер деп әрқилы аталғанымен, бұл – ерекше жанр. Абай қара сөздерінің басты миссиясы - ойланду, өзгеге ой салу, мақсатты ұстанымға айналдыру. Демек, ұлы ойшылдың қара сөздері - аса құнды еңбек,-деп түйіндейді. Қысқасы, Ұлт Президентінің тұжырымдарына сүйене айтсақ, Абай – елдік мұраттың айнымас темірқазығы. Абай - ұлттымыздың мәдени капиталы. Абай – жаңа Қазақстан бренді. Ақынның мұрасы – күллі адамзат баласының рухани азығы.**

NAZARBAYEV UNIVERSITY
175 ЖЫЛ

СЕРТИФИКАТ

Ұлы ақын Абайдың 175 жылдық мерейтойына арналған
«АБАЙ ЖӘНЕ АДАМЗАТТЫҚ ГУМАНИЗМ»
атты халықаралық форумға қатысқаны үшін

ҚЫДЫРШАЕВ АБАТ САТЫБАЙҰЛЫНА

берілді.
8-9 қазан, 2020

№40-11/76
Нұр-Сұлтан қ.

Қ. ДАИРОВА
Студенттік істер және халықаралық қатынастар жөніндегі вице-президент

NAZARBAYEV UNIVERSITY
175 ЖЫЛ

СЕРТИФИКАТ

Ұлы ақын Абайдың 175 жылдық мерейтойына арналған
«АБАЙ ЖӘНЕ АДАМЗАТТЫҚ ГУМАНИЗМ»
атты халықаралық форумға қатысқаны үшін

ҚЫДЫРШАЕВ МАҚСАТ АБАТҰЛЫНА

берілді.
8-9 қазан, 2020

№40-11/77
Нұр-Сұлтан қ.

Қ. ДАИРОВА
Студенттік істер және халықаралық қатынастар жөніндегі вице-президент



Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді.
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті
Жалпақ әлемді ауызына қарату үшін, рухани ерлік керек, жалпақ әлемге қысылмай, қымтырғмай қарау үшін, рухани байлық керек.
Әбіш КЕКІЛБАЕВ, классик жазушы

«Рухани жаңғыру» институтының студенттерге арналған беті, №9(20), қазан, 2020 жыл

Жұбантану парағы

«Жұбан» медалімен марапатталды

Ел болу үшін, әр қазақта Жұбан мінезі болуы шарт.

Асанәлі ӘШИМОВ,

Қазақстанның Еңбек ері, Қазақстанның халық әртісі,
театр және кино актері

(БҚО Орал қаласындағы Жұбан ескерткішінің ашылуында сөйлеген сөзінен)



Уикипедия ашық энциклопедиясы мәліметтеріне сүйене айтар болсақ, медаль (француз тілінде *medaille*, итальянша *medaglia*, латынша *metallum-металл*) - қайсыбір ел тарихындағы орнықты орны бар оқиғалардың, көрнекті қайраткерлердің мерейтойлық мерзіміне сәйкесті не жердің құрметіне орайлас екі жақты (кейде бір жақты) бейнеленген ерекше белгі (металл белгі). Әдетте медальдің алдыңғы беті, артқы беті және қыр жағы болады. Сондай-ақ медаль дөңгелек, тік бұрышты, кейде көпбұрышты, сопақша немесе басқа пішінде шығарылады. Алғашқы медальдар Ежелгі Римде мәлім болған. Алыс жорықтардан оралған жауынгерлерді ерекше белгімен марапаттау дәстүрі болған. Аталған белгіні олар кеудесіне немесе киімінің бұрышына таққан. Жезден немесе күмістен жасалған арнайы белдіктерді фалера атаған. Десек те, медаль соғу өнері XIV-XV ғасырларда Италияда, Византияда кеңінен тарала бастаған. Ал Ресейде XVIII ғасырдан бастап империяның жорықтарына, соғыстарына және басқа да айтулы оқиғаларға арналған (Мәселен, «Полтава жеңісі үшін» (1709), «Романовтар әулетінің патшалық құрғанының 300 жылдығы құрметіне» (1914), т.б.) түрлі медальдар шығарылып тұрған. КСРО кезінде 1939 жылы Кеңес Одағы Батырының атағының айырым белгісі ретінде «Алтын жұлдыз» медалі (1940), Социалистік Еңбек Ерінің атағының айырым белгісі ретінде «Орақ пен балға» алтын медалі тағайындалған. Сондай-ақ жауынгерлік ерлігі үшін («Ерлігі үшін», 1939), Ұлы Отан соғысы кезінде қорғаныста көрсеткен ерлігі үшін («Мәскеуді қорғағаны үшін», 1944), қалалар мен аумақтарды азат еткені үшін («Берлинді алғаны үшін», 1945; «Белградты азат еткені үшін», 1945), еңбектегі үздік жетістіктері үшін («Тың жерлерді игергені үшін», 1956; «Еңбек ардагері», 1974), Кеңес халқының тарихындағы аса маңызды оқиғаларды мерекелеу

күндеріне арналған («Ленинградтың 250 жылдығы құрметіне», 1957), көп балалы аналарға арналған 1-ші және 2-ші дәрежелі «Ана медалі» (1944), т.б. көптеген медальдар шығарылған.

Қазақстанда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» ҚР Президентінің заңдық күші бар Жарлығына (23.01.1996) сәйкес азаматтар еңбектегі үздік жетістіктері мен жауынгерлік ерлігі үшін марапатталатын медальдары белгіленді («Ерлігі үшін», «Жауынгерлік ерлігі үшін», «Ерен еңбегі үшін», «Шапағат»). Сондай-ақ, ғылым, мәдениет, экономика саласындағы жетістіктері үшін, мәселен, Нобель сыйлығының лауреаттарына, халықаралық конкурстардың жеңімпаздарына, медальдар тапсырылатыны мәлім.

Осы әлемдік, елдік дәстүрлердің жалғасы іспетті қоғам қайраткері, Қазақстанның Халық жазушысы, КСРО мемлекеттік сыйлығының иегері, ақын Жұбан Молдағалиевтың 100 жылдығына, Қазақстанның Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, ақын Қадыр Мырза Әлінің 85 жылдығына арналған жаңа ұрпаққа ұлттық құндылықтар негізінде рухани тәрбие беру бағытындағы әзірленген игі шаралардың жоғары деңгейде өткендігі Ақжайық атырабы үшін зор абырой болды. Осы жылғы қазан айының 2-сі күні Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің қолдауымен Батыс Қазақстан облысы Мәдениет басқармасының ұйымдастыруымен ел тарихында өшпес із қалдырған тұғырлы тұлғаларымыздың өнерге толы өнегелі өмір жолын насихаттау бағытында нәтижелі іс атқарып, еліміздің рухани тұрғыда дамуына қомақты үлес қосқан азаматтарымызды марапаттау шарасы өткізілді. Бұл ретте ортақ іске үлес қосқан азаматтарымыз Батыс Қазақстан облысының әкімдігі арнайы әзірлеген «Жұбан Молдағалиев» медалімен марапатталды. Бұл саптағы азаматтардың әрқайсысы жөнінде молынан марқая айтуға әбден болар еді. Солардың бір тобы – «Жұбан» энциклопедиясын басылымға әзірлеушілер. Осы сапта тер төге еңбек еткендер қатарынан ардагер ағалар Ақбай Жайсаң Досболатұлын (идея авторы), Хаймұлдин Ғазиз Усағалиұлы, БҚО Мәдениет басқармасы басшысы Дүйсенгелі Сайран Темірғалиұлын, ардагер журналист Әліпқали Тихон ағаны, ардагер ұстаз Үзілдік Елубайқызын, Жұбан Молдағалиев атындағы Батыс Қазақстан облысының әмбебап ғылыми кітапханасының директоры Оразаева Шолпан Қуанғалиқызын, кітапхана директорының орынбасарлары Сағынова Нұрлыгүл Аяпқызын, Жиеналиева Ұрқия Кенжебайқызын, кітапхананың бөлім жетекшісі Татенова Майра Тұрланқызын, кітапхана әдіскерлері Арыстанова Құралай Темірболатқызын, Қазбенова Саягүл Тыныштықызын, Қаденова Самал Қайырғалиқызын, Есенғалиева Нұрсұлу Қуанғалиқызын айтар едік. Дау жоқ, «Жұбан» энциклопедиясын даярлаудағы көзге онша көрінбейтін сан тарау қыруар жұмыстардың дұрыс та нәтижелі бағытта жүйелі өрілуіне осы Жобаның жетекшісі әрі Бас редакторы Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің «Рухани жаңғыру» институтының директоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Педагогикалық ғылымдары академиясының академигі, «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласына қосқан ерен еңбегі үшін» медалінің иегері Қыдыршаев Абат Сатыбайұлының төккен терін айрықша баса айтамыз.

Егер энциклопедияны белгілі бір білім, ілім өрісін молынан қамтыр анықтамалық бағыттағы сан алуан

мәлімет-деректер жинақтала өріле ұсынылған ғылыми басылым десек, осы саптан табылған «Жұбан Молдағалиев» энциклопедиясы Батыс Қазақстан облысының орталығы Орал қаласындағы «Полиграфсервис» баспасынан алғашқы рет басылым көрді. Көлемі- 608 бет. Бұған қоса 16 бет түсті фотосурет қоса берілген. Таралымы – 450 дана. Энциклопедия көрнекті қоғам қайраткері, қазақ әдебиетінің талантты өкілі, ірі эпик, рухты ақын, ҚР Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның Халық жазушысы, публицист Жұбан Молдағалиевқа арналған. Энциклопедияға ақынның шығармашылығы, өмірбаян деректері, қайраткерлік қызметі, әдеби және публицистикалық мұралары жөнінде материалдар енгізілген. Сондай-ақ ақын туралы жазылған еңбектер мен олардың авторлары жөнінде де мәліметтер ұсынылған. Тұңғыш рет жарық көріп отырған тұлғалық энциклопедия ұлт тарихындағы көрнекті қарымды қаламгер, айтулы ақынның өмірі мен қызметі және

шығармашылығымен танысқысы келетін барша оқырман қауымға арналған.

«Жұбан Молдағалиев» энциклопедиясы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Батыс Қазақстан облысының әкімі Есқалиев Ғали Нәжімеденұлының тікелей қолдауымен жарық көрді. Облыс әкімі энциклопедияға арнап жазған «Ақ Жайықтың ардағы» атты алғы сөзінде: «Ақ Жайықтың киелі топырағында дүние есігін ашып, қыран құстай қияға самғап, алты Алаштың Жұбанына айналған ақын, Қазақстанның Халық жазушысы Жұбан Молдағалиевтың 100 жылдығы қарсаңында жарық көрген тұңғыш энциклопедия өз оқырмандарына жол тартты. Бұл - біздің батыс қазақстандықтар үшін зор мақтаныш. Қолға тиген басылымда Жұбан ақынның ерлік пен азаматтыққа, өршіл рухқа, перзенттік парызға, туған халқына шексіз сүйіспеншілікке толы өмір жолы мен әдеби мұрасы жинақталып, тұлға туралы жазылған замандастарының, әдебиет зерттеушілерінің еңбектері туралы деректер топтастырылады... Жұбан ақынды асқақтату арқылы ұлтымыздың рухын көтеріп, мәртебесін биіктете түсеміз. Жұбан жырлары жас ұрпақтың ар-намысын асқақтатып, ұлт ұлы болудың, халыққа қалтқысыз қызмет етудің үлгісін көрсетеді. Бұл энциклопедия - елдігіміздің, ақынға шексіз құрметіміздің белгісі. Осы құнды еңбекті баспаға дайындаған редакция алқасына зор алғысымызды білдіремін», - деп жоғары бағалады.

«Жұбан» энциклопедиясының Бас редакторы Абат Сатыбайұлымен диалогпен сөзге тартқанымызда: Энциклопедия - белгілі бір салаға қатысты жинақы ойдың туындысы. Осы жылғы наурыз айынан бастап елдегі пандемия тажалымен жағаласа жүріп, санитарлық - эпидемиологиялық талаптарды қатаң сақтай отырып, аса жауапкершілікпен бір кісідей жұмыла іске кірістік. Мақсат - сенімнен шығу, ұятқа қалдырмау. Бастапқы жоспарымызда жұбантанудағы қатысты 300-ден аса тұлғалар мәліметін ұсынуға, 500-ден аса елдімекен атаулары мен ақын шығармашылығына қатысты зерттеу еңбектер мен жинақтарды саралауды, екі мыңнан аса зерделеу мақалаларды талдау негізінде деректі мағлұматтарды енгізуді мақсат тұттық. Энциклопедияға түгелдей болмағанымен, соның басым бөлігі енгізілді. Әлі де қыруар материалдар қолымызда. Энциклопедиялық туындыны даярлауда Махамбет университетінің ғалымдары мен Жұбан кітапханасының әдіскер мамандары жанқиярлық еңбек үлгісін таныта білді. Өрине, бұл секілді іргелі еңбекті баспаға даярлауда кемдеу тұстар болмайды деп айта алмаймын. Десек те, қазақтың рухани ұстазы Абай ғұлама айтпады ма: «Адамның адамшылығы істі бастағандығынан білінеді, қалайша бітіргендігінен емес» деп. Қысқасы, елдігіміздің, Жұбан ақынға шексіз құрметіміздің белгісіндей «Жұбан» энциклопедиясын көпшілік оқырманға дер кезінде, дәл уақытында ұсына білдік қой деп ойлаймыз», - деді.

Терлеп көрмеген тер қадірін қайдан білсін! Осынау ел басына төнген қиын да күрделі тұста ар биігінде бола біліп, елдің, жердің туын жоғары ұстап, жанқиярлық еңбек үлгісін танытқан, нәтижеде Жұбан сынды біртуар ұлт перзентіне бүгінгі және кейінгі ұрпаққа өнегелі өзіндік ескерткіш орнатқан («Жұбан» энциклопедиясы жаңа ұрпаққа арналған ескерткіш) азаматтардың тағылымды ісіне тәнтіміз. Айтарымыз, мың алғыс! Қандай да қиын тұстарда да мойымайтын маңдай, таңғалмайтын таңдайларыңыз бүгінгі, кейінгі ұрпаққа үлгі болғай!

Индира СҰЛТАНИЯЗОВА,

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі, PhD, доцент

Айдарбек АҚБОЛАТОВ,

М.Өтемісов атындағы БҚУ-дың орыс филологиясы кафедрасы меңгерушісінің м.а., қауымдастырылған профессор

«IQ МАКНАМВЕТ»

12 қазан күні Тарих, экономика және құқық факультетінің ҚР Президенті атындағы атаулы шәкіртақы иегерлері М.Смағұл, Б.Задагереева және А.Маратованың ұйымдастыруымен 1-курс студенттерінің арасында «IQ МАКНАМВЕТ» интеллектуалдық сайысы өткізілді.

I КЕЗЕҢ - ҰЯШЫҚТАР

УНИВЕРСИТЕТ	10	20	30	40	50
ТАРИХ	10	20	30	40	
ЛОГИКА	10	20	30	40	50
СПОРТ	10		30	40	50
ҚЫЗЫҚ ФАКТ	10	20	30	40	50

Сайысқа әртүрлі мамандықта білім алатын 5 студент қатысып, «Ұяшықтар», «Капитандар сайысы», «Ва-банк» деп аталатын үш кезең бойынша бақтарын сынады.

Ұйымдастырудағы басты мақсат — қатарға жаңа қосылған 1-курс студенттерінің бос уақытын тиімді әрі қызықты өткізуге баулу, белсенділік танытуға ынталандыру.

Сайыста Қазақстан тарихы, университет, логика мен спорт бағыттары туралы сұрақтар жан-жақты қамтылды.

Нәтижесінде Юр-13 тобының студенті Нұғманова Дана айқын басымдықпен жеңіске жетіп, 1-орынды қанжығасына байлады. Ал Адилев Нұрпейіс 2-орынды (Ист-11), Мартасова Наргиз 3-орынды (Юр-13) иеленді. Интеллектуалдық сайысқа белсене қатысқаны үшін Джайылганова Айманға (Ист-11) алғыс жарияланды.

Мағжан СМАҒҰЛ,
ГМУ-31 тобының студенті

Құттықтаймыз!

Жақында «Текті сөздің төресі» атты облыстық Дәстүрлі ән байқауы өткен болатын. Осы байқауға Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті Мәдениет және өнер факультетінің 1-курс студенті **Кенесары Бұлғанбаев** қатысып, жүлделі I орынды иемденді. Шын жүректен құттықтаймыз!



Қазақстанның Халық жазушысы КСРО және Қазақстан Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты, қазақтың ақиық ақыны Жұбан Молдағалиевтің туғанына 100 жыл толуына арналған «Мен - қазақпын» тақырыбында онлайн бейнежазба байқауының 2-орын иегері атанған М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті орыс филологиясы факультетінің 4-курс студенті **Оразбай Мирамгүлді** құттықтаймыз!



Жалынды жырдың иесі, жерлес ақын Жұбан Молдағалиевтің 100 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған «Жұбан оқулары» онлайн байқауына қатысып, көркемсөз оқуда ерекше шеберлік танытқаны үшін ҚТӨ-11 тобының студенті **Маратова Раушанды** және ақынның әдеби



мұрасын насихаттауға үлес қосқаны үшін ҚЯЛШ-15 тобының студенті **Корчемкина Аннаны** құттықтаймыз. Жетекшісі - Есбергенова **Гульнар Исамадиновна**. Жетістіктеріңіз көп болсын!



20 қазан күні Орал қаласының әкімі **Абат Шыныбеков** «Деркөл» мәдени-демалыс орталық саябағындағы «Жасыл Ел» еңбек жасақтарының жұмысының қорытындылау іс-шарасына қатысқан болатын.

Әкім кубогын иеленді

Шара барысында қала әкімі А.Шыныбеков «Жасыл ел» жастарымен бірге саябақтың жеміс бағына көшеттер отырғызып, биыл жөндеуден өткен шағын футбол алаңында оздырылған жарыс жеңімпаздарын марапаттады. Аталмыш жарыста М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің студенттері жүлделі I орын алып, Орал қаласы әкімінің кубогын иеленді. Студенттерімізді шын жүректен құттықтаймыз!

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДА ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІ

Қазан айының 16-шы жұлдызында Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ұйымдастыруымен 5B020300 – «Тарих» білім беру бағдарламасы бойынша онлайн форматта XXII республикалық пәндік олимпиада өтті.

Білім бәсекесінде университетіміздің намысын 3-4 курс тарихшыларынан құралған «Ақжайық жастары» командасы қорғады. Команда капитаны - Хамза Серікболсын, мүшелері - Сағынова Әлия, Усманова Айдана, Жайлан Гүлғасыл. Жетекшісі - т.ғ.к., доцент Байбулсинова Альфия Сабыргалиевна.

Тартысты білім бәсекесінде жоғары интеллектуалдық және ғылыми шығармашылық потенциалын көрсетіп, үздіктер қатарынан көрінген «Ақжайық жастары» командасы жүлделі III орынға ие болды. Жүлдегерлерімізді құттықтай отырып, білім бәсекесінде әрдайым бәстеріңіз биік болсын деп тілек білдіреміз.



Бәрекедді!

Музыкалық білім мамандығының 4-курс студенті **Бекжан Мырзаев** онлайн түрде өткізілген «Осенние грёзы» атты халықаралық конкурстан «Халықаралық аспаптар (домбыра)» номинациясы бойынша лауреат атанды. **Жетекшісі – аға оқытушы Кенжегелиева Ақшолпан Жұбатқызы**. Студентімізді жетістігімен құттықтай отырып, шығармашылық табыс тілейміз!



РЕДАКТОР:

Азиза СУЙНШКАЛИЕВА
ТІЛШІЛЕР: Аида ОРАЗОВА, Дария ДЖУМАГАЛИЕВА, Нұрайлым ҚҰБАЕВА, Гүлбибі БАҚЫТБАЕВА, Анэля ЖОНЫСОВА, Шұғыла Еңсел
СПОРТ-ТІЛШІ: НҰРЛЫБЕК НАУРЫЗБАЕВ
БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН: Асель АБДУЛЛИНА
ФОТОСУРЕТ: Рафхат ХАЛЕЛОВ, Оқу теледидары және графикалық жобалау зертханасы
Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді.
«Көкше-Полиграфия» АҚ баспаханасында басылды.
Мекен жайы: Ақмола облысы, Кекшетау қаласы, Ауылбеков көшесі, 98.
Тел.: 8-716-2-25-14-90

РЕДАКЦИЯҒА КЕЛІП ТҮСКЕН МАТЕРИАЛДАР Өңделеді. ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӨЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті.
Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 14.06.1995ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.
ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 10.12.2012ж. қайта есепке алу туралы №13213-Г куәлігі берілген.
Таралымы 800. Тапсырыс № 2185